

Төсе

Қаз Аз-11-01

XXI ғасырдың білім кеңістігі қандай болады?

XXI ғасыр - білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман атып жатқан бейімделу арқылы ғана бәсекеге қабілетін арттыра алады. Бірінші жағдайда білім саласына жаңа реформалар енгізу бүкіл әлем ендерінде ең өзекті мәселелердің бірі. Білім жүйесіне жаңа елтихандар енгізіліп, мектепте білім беру жүйесі жаңартылған. Осы өзгерістерге қарай отырып, XXI ғасырда білім кеңістігі қандай болу керек? - делен сұрақ туындайды.

Қазіргі кезде барлық оқушылардың білім деңгейі бірдей емес, кейбірі жақсы оқитын болса, кейбірі нашар оқиды. Сол үшін әрбір оқушымен жеке жұмыс жасау қажет. Нашар оқитындар үлгерімі жақсыларды артқа тартып, оқу оқушылар өздерінің қабілеттеріне сай білім ала алмайды. Қажетті нәрселерге көп көңіл бөле білу керек. Біріншіден, зерттеушілік қызметті дамытқан жөн. Оқушыларға сұрақ қойып, ол оқушылар тек сол сұраққа ақпарат іздеп, өздерінің ой-қорытындыларын көрсету қажет. Яғни, үй тапсырмалардан бөлек, оқушылар қысқа зерттеу жұмыстарын жасаулары, нақтырақ айтқанда, ақпарат көздерінен жеке жұмыс істеп, ақпарат жинап, оны талдап, өз бағасын берулері керек, сондай-ақ, зерттеу жұмысының қорытындысын жасап, мұғалімдерімен кері байланыс жасау қажет. Мектеп осындай әдіс арқылы оқушыларды өздінен ойлауға үйретеді. Екіншіден, оқушылар жиі коммуникация аясында сөз сөйлеулері қажет. Бұл оқушылардың коммуникативті бауларын және өздеріне сенімділіктерін арттыруға үлкен үлес қосады. Сабақ барысында әр оқушы өз тапсырмасын талдап, бір-біріне талдап, өтініш, тілектерін білдірсе жақсы болады.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӨСІПОРНЫ

Қаз Аз-11-01

Білім - ұлттың ақыл-ойы мен ерек-жігерін қалыптастырушы тірек. Сондықтан мемлекеттік саясаттың, әр адамның сол мемлекет мүддесін дұрыс түсінуінің, оны сақтауға, орындауға делен шын сенімінің де негізі болуы тиіс.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӨСІПОРНЫ